

**"Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 755 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 9 желтоқсанда № 37570 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

101-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"101-1. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есепті алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары мүдделеріне әсер еткен кәсіпкерлік субъектілері мен өзге де тұлғаларды ақпараттық жүйелер және/немесе электрондық пошта, сондай-ақ пошта байланысы арқылы жазбаша түрде анықталған бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

Мүдделері аудиторлық іс-шаралармен қозғалған кәсіпкерлік субъектілері және өзге де тұлғалар (жеке және заңды тұлғалар) анықталған бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өз ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісіне жібереді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген тұлғалардың ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісі Заңның 37-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мерзім шегінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына жібереді және ол мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтарымен бірге қаралады.

Апелляциялық комиссияға қарсылық берген кезде мемлекеттік аудит объектісі кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың аудиторлық есепке және/немесе қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепке ескертулерін ескереді.";

111-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"111. Аудиторлық қорытындыда аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мемлекеттік аудит объектісі өтеген және қалпына келтірген (жұмыстарды орындау,

қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылық сомаларын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту жолымен) қаражат, қаржылық бақылаудың ұсынылатын ден қою шаралары және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада көзделген шаралар туралы ақпарат көрсетіледі.";

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Қаржылық бақылауды Заңның 5-бабымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру жолымен қалпына келтіру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту, нұсқамаларды орындау және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту арқылы ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.";

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"119. Нұсқамада бюджетке өтелуге жататын бұзушылықтардың сомалары бойынша түсімдер коды, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу және (немесе) анықталған бұзушылықтардың сомаларын есеп бойынша көрсету және (немесе) қаржыландыру жоспарын азайту, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада көзделген шараларды қабылдау жолымен бұзушылықтардың сомаларын қалпына келтіру қажеттілігі көрсетіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

72-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"72-1. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есебін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйелер және/немесе электрондық пошта, сондай-ақ пошта байланысы арқылы мүдделері мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары қозғаған кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабардар етеді.

Мүдделері аудиторлық іс-шаралармен қозғалған кәсіпкерлік субъектілері және өзге де тұлғалар анықталған бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өз ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісіне жібереді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген тұлғалардың ұстанымын (қарсылықтарын) мемлекеттік аудит объектісі Заңның 37-баптың 1-тармағының 4)

тармақшасында көрсетілген мерзім шегінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына жібереді және ол мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтарымен бірге қаралады.

Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңеске (бұдан әрі – Кеңес) қарсылық берген кезде мемлекеттік аудит объектісі кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың аудиторлық есепке берілген ескертулерін ескереді.";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Қаржылық бақылауды Заңның 5-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өзге де Қазақстан Республикасы заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру жолымен қалпына келтіру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту, нұсқамаларды орындау және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту арқылы ішкі мемлекеттік аудит қызметі жүзеге асырады.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға мемлекеттік аудит объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды орындау толықтығына талдау жүргізеді.

Бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу және (немесе) есепке алу бойынша анықталған бұзушылықтардың сомасын көрсету және (немесе) азайту және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту жолымен қалпына келтіру арқылы ұсынымдарды толық қарастырған және бұзушылықтарды жойған жағдайда осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның аяқталуы туралы есеп жасалады және мемлекеттік аудит тобының басшысы қол қояды.";

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"100. Кеңес консультативтік-кеңесші орган нысанында құрылады және ол туралы ереже негізінде әрекет етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 7 және 7-1-қосымшалар осы бұйрыққа 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 9 және 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 14-қосымша осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 16-қосымша осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 755 Бұйрығына
1-қосымша

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

(жасалған орны)

____ 20 ____ жыл

(аудиторлық есептің күні)

№ _____ Аудиторлық есеп

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: _____

(мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банктік және салық деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі:

3. Тексеру түрі: _____

(бірлескен, қосарлас)

4. Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау:

(нұсқаудың күні мен нөмірі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге нұсқауға қол қойған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

5. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді:

(ішкі мемлекеттік аудитті жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерінің (қызметкерлерінің), мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар маманының (мамандарының), мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлері

мен сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы:

(аудит бағдарламасына сәйкес келетін ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты мен нысанасы)

7. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

(мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тексерілген кезеңі)

8. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: _____ бастап _____ дейін

(мемлекеттік аудит объектісінде ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің басталған және

аяқталған күні)

9. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

(мемлекеттік аудит объектісі басшысының немесе мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), сондай-ақ ішкі

мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

10. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер:

(ішкі мемлекеттік аудит органы жүргізетін мемлекеттік аудиттің нысанасына сәйкес келетін басқа да мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, құқық қорғау

органдары және басқа да бақылау және қадағалау органдары бұрын қамтыған

мәселелер бойынша ғана қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар);

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер (осы бөлімде мемлекеттік аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті

жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі):

1. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

аудит бағдарламасы сұрағына жауап _____

2. Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

аудит бағдарламасы сұрағына жауап _____

және аудит бағдарламасында көзделген сұрақтардың кезектілігіне сәйкес және тағы басқалары.

12. Мемлекеттік аудит саласында немесе аудит объектісінің қызметінде анықталған нәтижелердің мемлекеттік аудит көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізуді қамтиды.

13. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер:

(мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының ішкі мемлекеттік аудит органы

қызметкерлерінің ішкі мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері туралы

мәліметтер көрсетіледі (кедергі жасау нысаны көрсетілсін: қажетті құжаттарды, материалдарды және өзге де мәліметтерді және мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты беруден бас тарту, мемлекеттік аудит жүргізуге рұқсат беруден бас тарту немесе оны жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау, анық емес

ақпарат беру. Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері Ішкі мемлекеттік аудит

жүргізуге кедергі келтіруден көрінген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы

жасаған кезде аудиторлық есепте оның нөмірі мен күні көрсетіледі)

14. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

(ішкі мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер (айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, бюджетке негізсіз және (немесе)

мақсатсыз пайдаланылған қаражатты өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік

бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді берушілердің шарттық міндеттемелерді орындауы, мемлекеттік аудит

объектісінің лауазымды адамдарына қабылданған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар) көрсетіледі.)

15. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы кәсіпкерлік субъектілері мен мүдделеріне мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары әсер еткен өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабарлайды.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды (қажетінің астын сызыңыз).

Қосымша: ____ парақта: (мемлекеттік аудит объектісінде тікелей жиналған, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, басқа да дұрыс көздерден алынған құжаттарды тізбектеңіз)

Мемлекеттік аудит тобы/мемлекеттік аудитор:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Аудиторлық есепті танысуға алған күні: 20__ жылғы " ____ " _____.

(Мемлекеттік аудит объектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі:

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық есептің соңғы парағындағы мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қарсылықтардың бар екені туралы жазба жасайды.

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме:

Аудиторлық есептің жоғары бөлігінде оның жасалған орны (елдің мекеннің атауы, аудиторлық есептің күні (жұмыс уақытында, жұмыс күні Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің аяқталған күні), аудиторлық есептің нөмірі көрсетіледі.

Қажет болған кезде аудиторлық есепте тексерілетін мәселелер бойынша ақпарат жалпылама түрде көрсетіледі, егжей-тегжейлі ақпарат аудиторлық есепке қосымшаларда жазылады.

Жүргізілетін ішкі мемлекеттік аудиттің түріне, мақсатына және нысанына байланысты ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер аудиторлық есепке қосымшалар ретінде ресімделетін талдамалы кестелерді жасайды.

Аудиторлық есепте көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасалады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 755 Бұйрығына 2-қосымша
Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 12-қосымша
Нысан

Үстеме тексеру актісі

(жасалу орны)

20 ____ жыл _____

1. Ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің атауы: _____
(ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банк және салық деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілсін)
2. Ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) жүргізуге тапсырма: _____
(тапсырманың күні мен нөмірі, ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмаға қол қойған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы көрсетілсін)
3. Үстеме тексеру жүргізілді: _____
(үстеме тексеру жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерінің (қызметкерлерінің), мемлекеттік органдар маманының (мамандарының), мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерінің (қызметкерлерінің) және үстеме тексеру жүргізуге тартылған сарапшының (сарапшылардың) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)
4. Үстеме тексеру нысанасы/мәселесі: _____
(ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) жүргізуге тапсырмаға сәйкес үстеме тексеру нысанасы/мәселесі көрсетілсін)
5. Үстеме тексерумен қамтылған кезең: _____
(мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісі қызметінің тексерілген кезеңі көрсетілсін)
6. Үстеме тексеру жүргізу мерзімі: ____-ден ____ дейін
(үстеме тексеру жүргізу басталған және аяқталған күн көрсетілсін)
7. Ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің лауазымды тұлғалар:

(үстеме тексеру оған айтылып жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), сондай-ақ үстеме тексерумен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы бар ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілсін)

8. Жүргізілген үстеме тексеру нәтижелері туралы мәліметтер:

(бұл бөлімде негізгі мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудит мақсатына қол

жеткізу қамтамасыз етіле отырып, үстеме тексеру нысанының/мәселесінің объективті, дәйекті және жеткілікті қаралғанын растау үшін жеткілікті жүргізілген үстеме тексеру нәтижелері туралы мәліметтер)

9. Үстеме тексеру жүргізуге кедергі жасау:

(ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының үстеме тексеру жүргізуіне кедергі жасау фактілері туралы мәліметтер көрсетілсін)

10. Үстеме тексеру барысында қабылданған шаралар:

(үстеме тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ішкі мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер (айыппұлдар, өсімпұлдар есептеу, бюджетке негізсіз және (немесе) мақсатсыз пайдаланылған қаражатты өтеу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғаларына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары және тағы басқалар).

Үстеме тексеру актісі екі (үш) данада жасалған (қажетінің астын сызыңыз).

Қосымшалар _____ парақта: (тікелей ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінде аудиторлық дәлелдер ретінде жиналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, басқа дәйекті көздерден алынған құжаттарды тізбелеңіз).

Мемлекеттік аудит тобы/мемлекеттік аудитор:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Ішкі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің басшысы:

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Үстеме тексеру актісін танысуға берілген күн: 20__ жыл " ____ " _____

(мемлекеттік аудит объектісінің басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Нысанды толтыру бойынша түсініктеме:

Үстеме тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар және кемшіліктер фактілері аудиторлық дәлелдерге және (немесе) өзге де құжаттар мен ақпараттарға негізделеді.

Әрбір бұзушылық фактісі, сондай-ақ анықталған жетіспеушіліктер бұзушылықтың сипаты мен түрі сипаттала отырып, дәйекті тәртіппен нөмірленеді және тіркеледі.

Бұзушылық сипаттамасында бұзушылықтарды растаушы құжаттарға сілтеме жасалады.

Үстеме тексеру нәтижелері бойынша оның негізінде қорытынды қалыптастырылатын аудиторлық дәлелдер аудиторлық іс-шараның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, объективті, дәйекті және жеткілікті болуы тиіс.

Үстеме тексеру актісінің барлық беттеріне үстеме тексеру жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкерлері және ішкі мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қол қояды.

Мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің басшысы не оны ауыстыратын адам үстеме тексеру актісімен танысудан немесе аудиторлық есепке қол қоюдан бас тартқан кезде мемлекеттік аудитор үстеме тексеру актісінде мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің лауазымды адамының танысудан және (немесе) қол қоюдан бас тарту туралы тиісті жазба жүргізеді және үстеме тексеру актісі мемлекеттік аудит (үстеме тексеру) объектісінің кеңсесі арқылы беріледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 755 Бұйрығына 3-қосымша
Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 13-қосымша
Нысан
(Ішкі мемлекеттік аудит
жөніндегі уәкілетті органның
бұйрығы)
20__ жылғы " __ " __ № __
БЕКІТІЛГЕН

Ішкі мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

1. Мемлекеттік аудит объектісі: _____

(мемлекеттік аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілсін)

2. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты (нысанасы): _____

(ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмаға сәйкес ішкі мемлекеттік аудит мақсаты

мен нысанасы)

3. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

(мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тексерілген кезеңі)

4. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері: _____

(мемлекеттік аудитпен қамтудың жалпы сомасы; бұзушылықтар, ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптары, тармақтары мен тармақшалары сипаттамалары көрсетіле отырып, анықталған қаржы бұзушылықтарының сомасы;

бұзушылықтар, ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптары, тармақтары мен тармақшалары сипаттамалары көрсетіле отырып, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар сомасы; мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу жолымен бюджетке өтеуді, қалпына келтіруді қамтамасыз ету және (немесе) анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасын есеп бойынша көрсету және (немесе) азайту арқылы шаралар көрсетіледі)

5. Ішкі мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша тұжырымдар:

(жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит мәселелері бойынша мемлекеттік аудит объектісі

қызметінің нәтижелерінің жалпы бағасы; анықталған жағдайда бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері, сондай-ақ олар әкеп соғуы мүмкін салдарлар көрсетіледі)

6. Ішкі мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша ұсынымдар*:

(анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептерін жоюға бағытталған ұсынымдар, сондай-ақ тиімділікті арттыру және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін жетілдіру бойынша шаралар көрсетіледі)

7. Қаржылық бақылаудың ден қою шаралары: _____

("Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 5-бабы 2-тармағына (бұдан әрі – Заң) сәйкес қажетті қаржылық бақылаудың

ден қою шаралары мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген шаралар көрсетіледі)

8. Ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпарат беру мерзімі растайтын

құжаттарды қоса 20__ жылдың "___" _____ дейін.

Сонымен қатар Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектісі ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпаратты растайтын құжаттарды қоса көрсетілген мерзімдерде жіберуге міндетті екенін хабарлаймыз.

Аудиторлық іс-шараға жауапты адам

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

*Бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған жағдайда ұсынымдар шығарылмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 755 Бұйрығына
4-қосымша

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына 14-қосымша
Нысан _____

(мемлекеттік аудит объектісінің
немесе оның құрылымдық
бөлімшесінің атауы)

(басшының тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда))

Анықталған бұзушылықтарды жоюға және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқама

(мемлекеттік аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсету) жүргізілген (мемлекеттік аудиттің түрі

ішкі мемлекеттік аудитімен (20_ жылғы "___"___ №__ аудиторлық есеп, 20_ жылғы "___"___ №__ аудиторлық қорытынды) _____ мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Оның ішінде _____ мың теңге бюджетке өтеуге (аударуға), жұмыстар орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу жолымен _____ мың теңге қалпына келтіруге және (немесе) қаржыландыру жоспарын азайту, есепке алу бойынша көрсету _____

—
мың теңге қалпына келтіруге жатады.

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар _____ мың теңге сомасында анықталды.

Ішкі мемлекеттік аудит барысында мынадай шаралар қабылданды:

(аудит объектісі қабылдаған шараларды бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіру және (немесе) қаржыландыру жоспарын азайту арқылы және Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген шараларды көрсету).

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына (бұдан әрі – Заң) сәйкес:

1) бюджетке ____ бюджеттік сыныптама кодына ____ мың теңге сомасын өтеуді (аударуды);

2) _____ теңге сомасында _____ (тауарлар атауы) жеткізуді қамтамасыз етуді,

_____ теңге сомасында _____ (жұмыстардың немесе қызметтердің атауы) орындауды/көрсетуді қамтамасыз етуді;

3) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша _____ теңге сомасында қалпына келтіруді;

4) мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар бойынша жүргізілген мемлекеттік сатып алу тәсіліне сәйкес нақты сатып алу бойынша бұзушылықтарды жоюға ықпал ететін қажетті шараларды көрсетуді;

5) анықталған бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігін қарауды ҰСЫНАМЫН.

Нұсқаманың орындалуы туралы 20 __ жылғы " __ " _____ дейінгі мерзімде растайтын құжаттарды (төлем тапсырмаларының, бұйрықтардың көшірмелері және тағы басқалар) қоса бере отырып, хабарлансын.

Сонымен бір мезгілде Сізді Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдары, ұйымдары және лауазымды тұлғалары нұсқаманың орындалғаны туралы ақпаратты растайтын құжаттарды қоса бере отырып көрсетілген мерзімдерде жіберуге міндетті екенін хабарландырамыз.

Заңының 25-бабы 3-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының нұсқамаларын орындамағаны үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінің 462-бабына сәйкес жауаптылықта болады.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі ведомствоның/оның аумақтық бөлімшесінің басшысы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

2025 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 755 Бұйрығына

5-қосымша

Ішкі мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау жөніндегі

уәкілетті органның ішкі

мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау жүргізу

қағидаларына 15-қосымша

Нысан

Аудиторлық іс-шараның аяқталғаны туралы анықтама

Ішкі мемлекеттік аудит

органының басшысы

(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда)

20__ жылғы " __ " _____

1. _____

(мемлекеттік аудит объектісінің ұйымдастыру-құқықтық нысаны және атауы)

ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша мыналар белгіленді: _____ мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар; оның ішінде бюджетке өтелуге жататыны _____ мың теңге, қалпына келтіруге жататыны _____ мың теңге; _____ мың теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар; кемшіліктер:

(кемшіліктер – бұзушылықтарға жол беруге ықпал ететін іс-әрекеттер (әрекеттер немесе әрекетсіздік) (бұзушылықтардың туындау тәуекелі) тізбеленсін)

2. Мемлекеттік аудит объектісіне 20__ " __ " _____ № __ аудиторлық қорытынды жіберілді.

3. Қаржылық бақылаудың мынадай ден қою шаралары қолданылды:

1) анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы 20__ " __ " _____ № __ нұсқама жіберілді.

Мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу жолымен бюджетке өтеуді, қалпына келтіруді қамтамасыз ету және (немесе) анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасын есеп бойынша көрсету және (немесе) қаржыландыру жоспарын азайту және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту арқылы шаралар көрсетілсін.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар бойынша жүргізілген мемлекеттік сатып алу тәсіліне сәйкес нақты сатып алу бойынша бұзушылықтарды жоюға ықпал ететін мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар көрсетілсін

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзырет шегінде әкімшілік іс жүргізу қозғалды:

(өзіне қатысты әкімшілік іс қозғалған лауазымды адамдар (лауазымы, (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының күні және нөмірі, Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің бабы және бөлігі, салынған әкімшілік айыппұлдың сомасы, өндіріп алынған әкімшілік айыппұл сомасы; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы құжат;

әкімшілік жаза қолданылмаған жағдайда себебі көрсетілсін: мысалы, әкімшілік жауапкершілік туралы хаттама уақтылы жасалмаған, талап ету мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік жауапкершіліктен босату және тағы басқалар);

3) материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілеттік берілген органдарға берілді:

(материалдар берілген құқық қорғау орган немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілеттік берілген органның атауы, ілеспе хаттың күні мен нөмірі, тиісті орган қабылдаған шаралар);

4) бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) қаржыландыру жоспарын азайту жолымен қалпына келтіру және нұсқамаларды орындау мақсатында сотқа қуыным берілді:

(қуыным нысанасы, қуыным күні, сот шешімінің нөмірі мен күні көрсетілген талап-арызды қарау нәтижелері көрсетілсін) берілді;

5) ішкі мемлекеттік аудит материалдарын іске асыру туралы басқа да қажетті ақпарат.

4. Мемлекеттік аудит объектісі аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қарады және міндетті түрде орындау үшін жіберілген нұсқаманы орындады:

(мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы және нұсқаманың орындалғаны туралы ілеспе хатының күні мен нөмірі көрсетілсін).

Ішкі мемлекеттік аудит материалдарын ағымдағы архивке тапсыруға Сіздің келісіміңізді сұраймын.

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі/мемлекеттік аудитор

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы) _____

(қолы) _____ жылғы " ____ "

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 755 Бұйрығына 6-қосымша
Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жөніндегі
уәкілетті органның ішкі
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу

қағидаларына 16-қосымша
Нысан
Бекітемін: Сапа бақылауын
жүргізуге жауапты ішкі
мемлекеттік аудит жөніндегі
уәкілетті органның құрылымдық
бөлімшесінің басшысы/ішкі
мемлекеттік аудит жөніндегі
уәкілетті органының аумақтық
бөлімшесінің басшысы
20__ жылғы "___" _____

Аудиторлық іс-шараның 1/2/3-кезеңінің сапа бақылауының қорытындысы

1. _____

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, аудиторлық есептің/қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің және аудиторлық қорытындының күні, аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізуге нұсқаудың нөмірі мен күні, аудиторлық іс-шара жүргізу үшін құқықтық негіздемелер)

2. Сапа бақылауын жүргізу үшін негіздеме: _____

3. Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мақсаты (нысанасы): _____

4. Мемлекеттік аудит түрі: _____

5. Аудиторлық іс-шарамен қамтылған кезең: _____

6. Аудиторлық іс-шара жүргізу мерзімі: _____

7. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудитор)

8. Аудитпен (тексерумен) қамтылған объектілер тізбесі:

9. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастырудың дайындық кезеңіне талаптарды сақтау (мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу, аудиттің, аудиторлық тапсырмалардың, аудиторлық іс-шараны жүргізуге нұсқаудың, үстеме, бірлескен және

қатарлас тексерулердің жоспарын және бағдарламасын жасау):

10. Аудит бағдарламасының мәселелерін қамту және ашу толықтығы, аудиторлық іс-шара мақсатына қол жеткізуді бағалау:

		Қ а р ж ы л ы қ бұзушылықтардың сапа бақылауымен расталған сомасы (мың теңге)		Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке сәйкес бұзушылық	

№	Аудит бағдарламасы мәселесінің № мен атауы	өтеуге жатады	қалпына келтіруге жатады	Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың сапа бақылауымен расталған сомасы (мың теңге)	тармағының нөмірі (сапа бақылауымен расталған кезде нормативтік құқықтық актілердің бабын, тармағын және кіші тармақшасын көрсету)	Мемлекеттік аудитор тұжырымдарының негізділігін бағалау
1	2	3	4	5	6	7

Қорытындылар (аудит бағдарламасының мәселелерін қамтудың және ашудың толықтығы; аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудитті жүзеге асыру фактілерінің болуы; аудитпен қамтылатын кезеңді сақтау; анықталған бұзушылықтарды көрсету және олардың біліктілігі кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы, талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелердің болуы; бұзушылықтар фактілерін баяндаудың нақтылығы мен анықтығы; көрсетілген бұзушылық фактілерінің объективтілігі, анықталған бұзушылық фактілерін растайтын құжаттардың болуы және аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте сілтеме бар жазбалардың анықтығы; мемлекеттік аудит нәтижелерін аудиторлық дәлелдемелермен растау; жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету; оларды жасау қажет болған кезде бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілерінің болуы, аудиторлық іс-шараның мақсатына қол жеткізуді бағалау;)

11. Аудиторлық іс-шара құжаттар жобасының/құжаттарының олардың нысандары мен құрылымына белгіленген үлгілік талаптарына сәйкестігі:

**

12. Үстеме тексеру жүргізу негіздемелерін сақтау (бар болса):

13. Аудит нәтижелері туралы құжаттар жобаларының танысу үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшылығына уақтылы жіберілуі:

